

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесімен

БЕКІТІЛДІ

2022 ж. «16» 09 хаттама

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІКТІ
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы 2022 ж.

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру объектісі
3. Сақтандыру жағдайлары
4. Сақтандыру жағдайларынан шығару және сақтандыруды шектеу.
Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері
5. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі. Франшиза
6. Сақтандыру сыйлықақыларын анықтау тәртібі
7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
8. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі және орны
9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
10. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының әрекеттері
11. Сақтандыру төлемін жасау туралы мәселені қарау кезінде қажетті құжаттар
12. Сақтандыру төлемін жасау тәртібі және ережесі
13. Қосарлы сақтандыру
14. Суброгация
15. Сақтандыру шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар
16. Сақтандыру шартын тоқтату ережелері
17. Тараптардың жауапкершілігі
18. Дауларды шешу тәртібі
19. Қорытынды ережелер
Қосымшалар

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережелері (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 ж. 18 желтоқсандағы № 126-II Заңына, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес дайындалды және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оның экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.
- 1.2. Сақтандыру қағидаларының шарттарына сәйкес «Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша Сақтандырушы) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126 Заңының 2-тарауы 6-бабы 3-тармағының 9), 10), 11), 11-1) және 11-2) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру сыныптары өтейтін тәуекелдерден басқа, заңды және жеке тұлғалармен (Сақтанушы) Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі мәтін бойынша Сақтандыру шарты) жасасу жолымен азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандырады.
- 1.3. Егер Сақтандыру шарты заңды тұлғамен жасалса, онда сақтандыру қорғанысының әрекеті Сақтанушыға және Сақтанушының қызметкерлеріне таралады. Сақтанушы – заңды тұлға Сақтандыру шартында Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы әрекет ететін басқа да заңды және жеке тұлғаларды көрсетуге құқылы.
- 1.4. Егер Сақтандыру шарты жеке тұлғамен жасалса, онда Сақтандыру шартында Сақтанушының көрсеткен тұлғалардың, сонымен қатар Сақтанушының өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылады.
- 1.5. Сақтанушы және Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша Сақтандыру ережелері негізінде Сақтандыру ережелерінің жеке тармақтарын өзгертуді, алып тастауды, сонымен қатар Сақтандыру шартын жасасу кезінде анықталатын қосымша ережелерді көздейтін Сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.
- 1.6. Сақтандыру ережелерінде қолданылатын негізгі ұғымдар:
 - 1) **Сақтандыру ережелері** – азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыруды орындау ережелерін анықтайтын Сақтандырушының құжаты;
 - 2) **Сақтандыру шарты** – Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал Сақтандырушы

- сақтандыру жағдайы орны алғанда Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартымен анықталған сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру төлемін орындауға міндеттенетін, Сақтандыру ережелерімен анықталатын жағдайда жасалатын шарт;
- 3) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға;
 - 4) **Сақтандырылған** – сақтандыру жасалатын тұлға;
 - 5) **Пайда алушы** – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.
 - 6) **Сақтандыру соммасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылатын ақша сомасы;
 - 7) **франшиза** - сақтандыру ережелерімен көзделген Сақтандырушыны белгілі мөлшерден асатын залалды өтеуден босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болып табылады. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ осы сомадан асатын залалды өтеуі тиіс. Шартсыз франшиза кезінде барлық жағдайда залал белгіленген сомадан шегерілгеннен кейін өтеледі.
 - 8) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартымен белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін Сақтанушыға (Пайда алушыға) жасау бойынша міндеттемені соңғымен қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.
 - 9) **Сақтандыру жағдайы** – орын алғанда Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жасауды көздейтін оқиға;
 - 10) **Сақтандыру төлемі** – Сақтандырушымен Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру сомасы шегінде төленетін ақша сомасы;
 - 11) **Сақтанушының өтініші** – сақтандыру объектісінің сипатымен және Сақтандырушының сұратқан жағдайларынан өзге, белгілі сақтандыру объектісінің орналасқан жері, құны, жағдайы, сақталу немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сонымен қатар сапалық сипаттамаларынан тұратын тәуекел сипаты бар, Сақтанушымен жазбаша рәсімделген құжат;
 - 12) **Азаматтық (азаматтық-құқықтық) жауапкершілік** - Сақтанушының (Сақтандырылғанның) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлігіне залал келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша, сонымен қатар Сақтандыру шартынан

- туындайтын міндеттемелер бойынша Сақтанушының (Сақтандырылғанның) жауапкершілігі;
- 13) **сақтандыру қорғанысы** - Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылғанның) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірген, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылғанның) Сақтанушымен жасалған шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша Сақтанушының (Сақтандырылғанның) жауапкершілігінің басталуы нәтижесінде, сақтандыру жағдайларының басталуы нәтижесінде келтірілген залалды өтеу міндеттемесі;
 - 14) **Сақтандырылған тәуекелдер** - бұл Сақтандыру шартында көрсетілген ықтималдық пен кездейсоқтық белгілері бар, күтпеген жерден басталуы үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіруге және/немесе сақтандыру жағдайларының басталу нәтижесіндегі шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершіліктің басталуына әкеп соғуы мүмкін алдын ала болатын оқиғалар;
 - 15) **үшінші тұлға (жәбірленуші)** - Сақтанушының (Сақтандырылғанның) өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруы немесе Сақтанушының (Сақтандырылғанның) өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауы (тиісінше орындамауы) нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген, Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілгендей, сақтандыру ұйымына (Сақтандырылғанға) өтеу міндеті жүктелген адам. Үшінші тұлғаларға Сақтанушының өзі, оның қызметкерлері, сондай-ақ Сақтанушының атынан әрекет ететін жеке және заңды тұлғалар жатпайды;
 - 16) **аса қажеттілік жағдайында келтірілген зиян** – егер бұл қауіпті осы мән-жайларда өзге құралдармен жою мүмкін болмаса, келтірушінің немесе басқа адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне қатер төндіретін қауіпті жою үшін әрекет ету. Аса қажеттілік жағдайында келтірілген зиян аса қажеттілік шегінен асқан кезде өтеледі. Қауіп төндірген қауіптің сипаты мен дәрежесіне анық жауап бермейтін зиян келтіру және қорғалатын мүдделерге құқықтарға жол берілмегенге тең немесе одан да елеулі зиян келтірілген кезде қауіп жойылған ереже аса қажеттілік шегінен шығу деп танылады;
 - 17) **пайда алушының қасақана зиян келтіруі** - пайда алушының залалдың айтарлықтай үлкен ықтималдықпен басталуы мүмкін болатын және осындай іс-әрекеттер үшін жауапты тұлға саналы түрде

жол беретін жасаған іс-әрекеттері (әрекетсіздігі). Мысалы, тұтынушының осы саладағы маман еместерге техникалық немесе өзге де қуат үшін жүгінуі, тұтынушының техникалық күрделі бұйымдардағы зауыттық пломбаларды өз бетінше ашуы, өздігінен немесе маман еместердің көмегімен техникалық күрделі бұйымдардағы конструкциялық элементтерді, бөлшектерді, блоктарды алу және ауыстыру;

- 18) **қызметкер** - жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;
 - 19) **бағалаушы** - бағалаушылар палатасы берген «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәліктің негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыратын және бағалаушылар палаталарының бірінің мүшесі болып табылатын жеке тұлға;
 - 20) **қосарланған (көпше) сақтандыру** - бір объектіні бірнеше сақтандырушыда әрқайсысымен дербес шарттар бойынша сақтандыру.
- 1.7. Сақтанушының құқыққа қарсы мүдделері сақтандыруға жатпайды.
- 1.8. Сақтандыру шарты бойынша азаматтық жауапкершілік тәуекелі Сақтандырушының өзінің де, сондай-ақ осындай жауапкершілік жүктелуі мүмкін өзге тұлғаның (Сақтандырылғанның) да сақтандырылуы мүмкін. Егер сақтандыру объектісі Сақтандырылғанның мүліктік мүдделері болып табылған жағдайда, Сақтанушының құқықтары мен міндеттерін тікелей немесе жанама қозғайтын сақтандыру Ережелерінің барлық ережелері, егер заңнамада/ Сақтандыру шартында/ осы Ережеге қосымшада өзгеше көзделмесе, Сақталғандарға да тең дәрежеде қолданылады.
- 1.9. Сақтанушының немесе оның өкілінің Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) қолы және (немесе) сақтандыру сыйлықақысын төлеуі Сақтанушының (Сақтандырылғанның) сақтандыру ережелерімен, Сақтанушының (Сақтандырылғанның) сақтандыру ережелерімен толық келісуімен танысқандығын және сақтандыру ережелерінің көшірмесін Сақтанушы (Сақтандырылған) алғанын растау болып табылады.
- 1.10. Сақтандыру ережелерінде және Сақтандыру шартында көрсетілген Сақтанушының міндеттері сақтандырылғандар мен пайда алушыларға тең дәрежеде қолданылады. Сақтанушының немесе пайда алушының бұл міндеттерді орындамауы Сақтанушының оларды орындамауы сияқты салдарға әкеп соғады.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Сақтандыру объектісі Сақтанушының (Сақтандырылғанның) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу міндетімен байланысты мүлдік мүдделері, сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылған) жүзеге асыратын Қызмет нәтижесінде шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша сақтанушының (Сақтандырылғанның) жауапкершілігі болып табылады.
- 2.2. Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандырушы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартын жасайды, оның ішінде:
- 1) жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
 - 2) шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру (шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілік);
 - 3) жұмыскердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру болып табылады;
 - 4) өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру);
 - 5) көрнекі іс-шараларды ұйымдастырушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
 - 6) кеден және салық төлемдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру.
- 2.3. Сақтандыру Ережесінің 7-тармағында көрсетілген жауапкершілік түрлері бойынша шарттар жасалатын тәртіп пен талаптар сақтандырудың жекелеген бағдарламаларымен реттелуі мүмкін.
- 2.4. Сақтанушының (Сақтандырылғанның) нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіргені үшін оның жауапкершілігіне байланысты мүлдік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылмайды:
- 1) әуе, жер үсті және су көлігі құралдарының кез келген түрін иеленуді (меншік иесі ретінде), басқаруды және пайдалануды;
 - 2) Сақтанушының жүктерді және / немесе жолаушыларды тасымалдау мақсатында көлік құралдарын пайдалануы (тасымалдаушының жауапкершілігі);

- 3) егер бұқаралық ойын-сауық іс-шараларын, салтанатты қабылдауларды және т.б. өткізу қызметі Сақтанушының негізгі қызметіне жатпаса немесе одан тікелей туындамаса.
- 2.5. Егер Сақтандыру шартында басқа мемлекеттердің аумағында болған сақтандыру жағдайлары өтелсе және Сақтандыру шартында/ осы Ережеге қосымшада өзгеше жағдай көзделмесе, мынадай ережелер қолданылады:
- 1) сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының валютасы - теңгемен жасалады;
 - 2) Сақтандырушының міндеттемелері сақтандыру төлемінің сомасы соңғысының шотынан есептен шығарылған сәттен бастап орындалған болып есептеледі;
 - 3) Сақтандырушы ақша қаражатын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге айырбастауға және аударуға байланысты шығыстарды төлемейді.
- 2.6. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде әскери іс-қимылдар және/немесе жаппай тәртіпсіздіктер орын алған (соғыс жарияланғанына қарамастан) мемлекеттердің, жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктердің не аудандардың аумағында сақтандыру қорғанысы ешқандай жағдайда да қолданылмайды (әрекет етпейді).

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 3.1. Сақтанушының (Сақтандырылғанның) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу дерегі және Сақтандырушының Сақтанушы (Сақтандырылған) жүзеге асыратын қызметінің нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген шешімі негізінде белгіленген шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілікті өтеу міндеті сақтандыру жағдайы болып табылады.
- 3.2. Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтанушы Сақтандыру шарты бойынша үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты өзінің жауапкершілігін сақтандыра алады.
- 3.3. *Азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша сақтанушының жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылғанның) азаматтық-құқықтық шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы (тиісінше орындамауы)*

нәтижесінде келтірілген зиян үшін осындай шарт тарапына мүлдіктік залал келтіруге әкеп соққан залалды өтеу көзделеді.

- 3.4. *Өздерінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін Сақтанушының (жалдаушының) жұмыс беруші ретіндегі жауапкершілігін Сақтандыру шарты бойынша қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін залалды өтеу көзделеді.*
- 3.5. *Өндірушінің немесе сатушының өзі өндіретін (сататын) өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) пайдалану (тұтыну) салдарынан келтірілген зиян үшін жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Сақтандырылған) өндіретін (сататын) өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) пайдалану (тұтыну) нәтижесінде өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу көзделеді.*
- 3.6. *Ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастырушылардың жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру кезінде Сақтанушының іс-әрекеті нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін материалдық залалды өтеу көзделеді.*
- 3.7. *Мемлекет алдындағы міндеттемелер бойынша жауапкершілікті сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасы кеден, салық органдары және т.б. тұлғасында Сақтанушының (Сақтандырылғанның) міндеттемелерін орындамауына (тиісінше орындамауына) әкеп соққан оқиғалар және осыған байланысты орындалмаған міндеттемелер көлемінде тиесілі төлемдерді (алымдарды, баждарды) төлеу міндеті сақтандыру жағдайы деп танылады.*
- 3.8. Жәбірленушіге зиян келтіру салдарынан Сақтанушының (Сақтандырылғанның) міндеттемелер бойынша жауапкершілігінің басталу дерегі мынадай жағдайда сақтандыру жағдайы деп танылады:
- 1) оның салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірілген, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде және Сақтандыру шартында келісілген аумақтың шегінде жасалған заңсыз іс-әрекет (әрекетсіздік);
 - 2) Сақтанушыға зиянды өтеу туралы талап Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде қойылса немесе жәбірленуші зиянды өтеу

туралы талаппен талап арызды Шарттың қолданылу кезеңінде сотқа берсе - егер дау сот тәртібімен шешілсе.

- 3.9. Бір себеппен туындаған бірқатар рет-ретімен (немесе бір мезгілде) туындаған оқиғалардың әсер етуі нәтижесінде бірнеше адамға зиян келтіру бір сақтандыру жағдайы ретінде қаралады. Осындай оқиғалардың салдарынан мәлімделген зиянды өтеу туралы барлық талаптар осы талаптардың біріншісі Сақтанушыға қатысты мәлімделген сәтте мәлімделген болып есептеледі.
- 3.10. Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайлары ретінде Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де оқиғалар көзделуі мүмкін.
- 3.11. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы тек мүліктік зиян үшін жауапкершілікке ғана қолданылады және моральдық зиян үшін жауапкершілікті өтемейді.
- 3.12. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 4.1. Егер оқиғалар келесінің нәтижесінде орын алса олар сақтандыру жағдайлары болып танылмайды және олар бойынша сақтандыру төлемдері жасалмайды:
 - 1) кез келген әскери іс-қимылдар немесе әскери іс-шаралар және олардың ракеталармен, снарядтармен, бомбалармен, басқа да қару-жарақтармен, соғыс және жауынгерлік операцияларын жүргізу құралдарымен, қарақшылық іс-қимылдармен зақымдануы немесе жойылуы, сондай-ақ азаматтық соғыс, халық толқулары, көтерілістер, бүлік, жаппай тәртіпсіздіктер мен ереуілдер салдарынан;
 - 2) иондаушы сәулеленудің, радиацияның немесе радиоактивті материалдармен, ядролық отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластанудың тікелей немесе жанама әсері, сондай-ақ ядролық жарылыстың тікелей немесе жанама әсері;
 - 3) қандай да бір ұйымның атынан немесе мүддесінде әрекет ететін және сақтандыру объектісінің бұзылуына немесе бүлінуіне әкеп соққан адам немесе адамдар тобы жасаған терроризм актілерін;
 - 4) Саяси тәуекелдер;
 - 5) адамның иммун тапшылығы вирусы қоздыратын инфекциялар (АИТВ инфекциясы);

- 6) адам қанының негізінде әірленген фармацевтикалық препараттарды өндіру немесе пайдалану;
- 7) өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану немесе олардың әсері;
- 8) Сақтанушы немесе оның өкілі заңдардан немесе Мемлекеттік органдардың нұсқамаларынан қасақана жол берген ауытқуларға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің жазбаша нұсқауларына немесе шарттарына, бұл сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтырса, сондай-ақ егер Сақтанушы немесе онда жұмыс істейтін адамдар сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғатын іс-әрекеттерді қасақана жасаса немесе жол берсе (Сақтанушы өндіретін және жеткізетін өнімдердің ақаулары, зиянды және қауіпті қасиеттері туралы көрінеу үндемеу);
- 9) Пайда алушының немесе оның өкілінің сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері (қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында және басқа да ерекше жағдайларда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда);
- 10) Пайда алушының немесе оның өкілінің қылмыстық іс-әрекет белгілері бар, құзыретті органдар осындай деп таныған іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі және уыттану, алкогольден немесе есірткіден мас болу жағдайында жасалған кез келген іс-әрекеттері;
- 11) пайдаланудың нормативтік мерзімінен тыс, оның ішінде пайдаланылатын конструкциялардың, жабдықтардың, материалдардың тозуы;
- 12) асбесттің, асбест шаңының, диоксиннің, диэтилстиролдың, формальдегидтің немесе сипаттамалары, әсері немесе жүргізу бойынша салыстырмалы басқа да заттардың әсері;
- 13) гендік-инженерлік жұмыстар жүргізілетін немесе гендік инженерия көмегімен ағзаларды (өнімдерді) босатуға (шығаруға) байланысты жабдықтар мен құрылыстар өндіру;
- 14) генетикалық өзгерістер;
- 15) электромагниттік өрістің әсері;
- 16) есірткі немесе есеңгіретуші құралдарды өндіру, қайта өңдеу (өңдеу), сондай-ақ саудалау;
- 17) сақтандыру өтемінен алып тастау ретінде Сақтандыру шартында көзделген өзге де мән-жайлардың әсері.

4.2. Сақтандыру қорғанысы келесінің салдарынан туындаған талаптарға таралмайды:

- 1) Сақтандыру шартын жасасқанға дейін туындаған және Сақтандырушының сақтандыруға тәуекелді қабылдау немесе қабылдамау туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін және Сақтанушы ол туралы білген немесе білуге тиіс, бірақ Сақтандырушыны хабардар етпеген мән-жай күшіне енгенде;
- 2) Сақтанушы Сақтандырушымен келісілген мерзім ішінде, тәуекел дәрежесін Елеулі арттыратын мән-жайларды жоймаса, егер жалпы қабылданған нормаларға сәйкес мұндай жою қажеттілігін Сақтандырушы көрсеткен болса. Мұндай жағдайларға кез келген жағдайда шығынның туындауына себеп болған жағдайлар жатады;
- 3) Сақтанушы негізгі шарт бойынша ұсынылмағандардың орнына өзі қол қойған Сақтандыру шарттары, келісім-шарттар, келісімдер бойынша өз міндеттемелерін, сондай-ақ заңдылық күші бар міндеттемелерді (мысалы, салықтарды төлеу бойынша) немесе мәміле сипатындағы ауызша келісім (мысалы, борышты өтеу бойынша міндеттемелер) негізінде Сақтандырушы өз еркімен қабылдаған міндеттемелерді орындамаса.

4.3. Егер Сақтандыру шартымен / осы Ережелерге жасалған Қосымшалармен өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру қорғанысы келесіге таралмайды:

- 1) Сақтанушының қызметкерлері талап қоятын залалды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 2) тек қана Сақтанушы мәртебесінен немесе осындай сайланбалы немесе тағайындалатын лауазымды атқаратын лауазымды тұлға, директор, Басқарма мүшесі ретіндегі Сақтанушы қызметінің сипатынан туындайтын жауапкершілік;
- 3) өнім үшін жауапкершілік;
- 4) Сақтанушының немесе оның қызметкерлерінің тарапынан оның қызметі шеңберінде өңделетін, қайта өңделетін немесе өзге де түрде әсер ететін заттарға келтірілген кез келген залалдар (өнім өндіру, жөндеу, қызметтер көрсету және т. б.);
- 5) лизинг бойынша пайдаланылатын, бөгде мердігерлер тартатын немесе қандай да бір өзгеше түрде оның қарауындағы немесе бақылауындағы жалға алынғанды қоса алғанда, Сақтанушының мүлкіне келтірілген залал;
- 6) мүліктің ұрлануы, жоғалуы немесе өзге де мүкәммалдық залал, сондай-ақ жабдықты пайдалану мүмкіндігінің уақытша болмауы салдарынан бос тұрып қалуды қоса алғанда, тоқтап тұрудан туындаған залал;

- 7) қоршаған табиғи ортаға әсер етумен тікелей немесе жанама байланысты зиян, сондай-ақ Сақтанушыға зиянды заттарды бағалау, байқау, тексеру, өңдеу, бейтараптандыру немесе жою жөніндегі үкіметтік және өзге де нұсқауларды, нұсқамаларды, талаптарды орындау салдары болып табылатын залалдар, шығындар, шығыстар.

4.4. Ешбір жағдайда сақтандыру қорғанысы келесі талаптарға таралмайды:

- 1) Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан, Сақтандырушы жауапкершілігінің белгіленген шегінен асатын залалды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 2) сақтандыру аумағының шегінен тыс жерде келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар;
- 3) егер Сақтандыру шартында өзгеше жағдай айтылмаса, спорттық жарыстарға қатысу кезінде немесе оларға дайындалу процесінде келтірілген зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 4) ластаушы заттардың нормативтен тыс тұрақты шығарындылары мен төгінділері;
- 5) газдардың, булардың, сәулелердің, сұйықтықтардың, ылғалдылықтың, күйе, түтін, шаң және басқа да атмосфералық емес жауын-шашындарды қоса алғанда, жауын-шашынның және шөгінділердің тұрақты және ұзақ әсер етуінің салдары болып табылған зиян (егер шығын кенеттен туындаса, бұл ұзақ әсер ету болып саналмайды);
- 6) Сақтанушы өзімен бірге тұратын туыстарына келтірген зиянды өтеу туралы. Оларға келесілер жатады: жұбайы (зайыбы), ата-аналары мен балалары (оның ішінде асырап алушылар), өгей әжесі (өгей шешесі), өгей баласы (өгей қызы), әжесі (атасы), немересі (немере қыз), аға-інілері (апа-сіңлілері), әйелінің (күйеуінің) ата-аналары және отбасылық туыстық немесе туыстық жағынан заң бойынша жақын қарым-қатынаста болатын өзге де адамдар ата-аналар мен балалар (тәрбиеленушілер, қорғаншылар және т. б.);
- 7) тербеліс (діріл), қада жұмыстары, топырақтың шөгуі, сондай-ақ қирау немесе жарылыс салдарынан жерге, ғимараттарға немесе өзге де құрылыстарға келтірілген залал;
- 8) тіркелген сауда, фирмалық немесе тауарлық белгілерді, символдар мен атауларды заңсыз пайдалануды қоса алғанда, авторлық құқықтарды бұзуға байланысты зиян;
- 9) ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау туралы, сол сияқты тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің сапасы туралы дұрыс емес ақпаратты қоса алғанда, шындыққа сәйкес келмейтін

және заңды немесе жеке тұлғалардың беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратудан келтірілген зиянды өтеу туралы өзге де осындай талаптар;

- 10) өндіру немесе беру процесіне байланысты туындайтын себептер бойынша Сақтанушы өндіретін немесе жеткізетін (немесе оның тапсырысы бойынша не оның есебінен үшінші тұлғалар) мүліктің (өнімнің) немесе жұмыстардың өзіне тікелей келтірілген зиян; кепілдік және осыған ұқсас міндеттемелерге немесе кепілдік шарттарына байланысты талаптар;
- 11) зардап шеккен үшінші тұлғалардың моральдық залалы мен жоғалтып алған пайдасы;
- 12) азаматтық-құқықтық шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары;
- 13) айыппұлдар және (немесе) кез келген басқа да әжімшілік жазалар мен санкциялар.

4.5. Егер Сақтандыру шартында/ осы Ережелерге жасалған Қосымшаларда өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру төлемі келесі үшін жасалмайды:

- 1) Сақтанушының Мақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөнінде шараларды қасақана қолданбауы;
- 3) Сақтанушының залалды келтіруге кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша шығынның тиісті өтемін алуы;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуы туралы қызметтерді тергеуде және оған келтірілген залалдың мөлшерін анықтауда кедергі жасауы;
- 5) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу;
- 6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;
- 7) заңнамалық актілерде және сақтандыру шартында көзделген басқа да жағдайлар.

- 4.6. Сақтандырушыны сақтандыру ережелерінде көзделген себептер бойынша Сақтанушыға сақтандыру төлемін жасаудан босату бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасаудан босатады.
- 4.7. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жасаудан босату Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасаудан бір мезгілде босатады. Зардап шегушіге/Пайда алушыға зиянды өтеу үшін жауапкершілік бұл жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен зиян келтірушіге толық жүктеледі.
- 4.8. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына Сақтанушы сотқа шағымдана алады.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

- 5.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандырушы мен Сақтанушының келісімі бойынша Сақтандыру шартында белгіленеді.
- 5.2. Сақтандыру сомасы Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді. Бұл ретте Сақтандыру шартының талаптарында мыналар көзделуі мүмкін:
 - 1) жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі (жалпы сақтандыру сомасы) - бұл жағдайда Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңіндегі барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспауы тиіс;
 - 2) бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;
 - 3) сақтандыру шартымен өтелетін бір немесе бірнеше сақтандыру тәуекелі бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;
 - 4) Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінің өзге де түрлерін қамтуға тиіс.
- 5.3. Шарт (келісімшарт) бойынша жауапкершілікті сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы Сақтандыру шартын жасасу сәгіне шарт (келісімшарт) бойынша Сақтанушының міндеттемелерін ақшалай бағалаудан айқындалатын Шарттың (келісімшарттың) бағасынан аспауға тиіс. Сақтандыру сомасы Қазақстан Республикасының валютасы - теңгемен көрсетіледі.
- 5.4. Сақтандырушының Сақтанушы алдындағы жауапкершілігінің көлемі кез келген жағдайда сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауға тиіс. Сақтанушы сақтандыру сомасының мөлшерінен тыс залалды өтеуді өз есебінен жасайды.

- 5.5. Сақтандыру шарттарын жасасу кезінде мөлшері мен түрі сақтандыру шартымен айқындалатын франшиза белгіленуі мүмкін. Франшиза (шартсыз немесе шартты) тараптардың келісімі бойынша не сақтандыру сомасына пайызбен, не абсолюттік мөлшерде белгіленеді.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Сақтандыру шарты бойынша төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасынан алынатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын Сақтандырушы бекіткен сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен жасалады. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен есеп айырысу жағдайлары, тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.
- 6.2. Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы белгіленеді. Сақтандыру шартында әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.
- 6.3. Сақтандырушы төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларын: қызмет түріне, объектілер жабдығына, күзет шараларына және т. б. байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне жоғарылату және төмендету коэффициенттерін пайдалануға құқылы.
- 6.4. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы бір рет немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп, қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда төлеуге тиіс.
- 6.5. Сақтандыру шарты 1 (бір) жылдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушы бекіткен сақтандыру тарифтері бойынша есептеледі.
- 6.6. Сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында айқындалған мерзімде төлемеген жағдайда, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы мұндай мерзімін кешіктіру туындаған күннен бастап автоматты түрде тоқтатыла тұрады.
- 6.7. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде болған оқиғалар сақтандыру жағдайлары деп танылмайды және олар бойынша сақтандыру төлемі жасалмайды.
- 6.8. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) және сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлеу

мерзімін кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын толық мөлшерде төлеген күннен кейінгі күннен бастап сақтандыру қорғанысының қолданылуы қайта басталады.

- 6.9. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемеуіне байланысты Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуы соңғысын сақтандыру сыйлықақысын төлеу міндетінен сақтандыру қорғанысы қолданылған кезең үшін босатпайды және Сақтандырушы Сақтанушының алдындағы өз міндеттемелері бойынша жауап беруге тиіс болған кезең үшін сақтандыру сыйлықақысын төлеу міндетінен босатпайды.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша/ электрондық өтініші негізінде жасалады.
- 7.2. Өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзінің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты құжаттарды көрсетуге, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және Сақтанушының қызметіне қатысты оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға, сондай-ақ Сақтандырушы талап еткен басқа да ақпарат пен құжаттарды ұсынуға міндетті. Сақтанушы өзі ұсынған деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады.
- 7.3. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы өндірісті қарап шығуға және ол үшін сақтандырылуға жататын Сақтанушының (Сақтандырылғанның) қызметімен танысуға құқылы.
- 7.4. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы бірден, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға сақтандыру тәуекеліндегі барлық елеулі өзгерістер туралы, мысалы, қызмет сипатының, өндірістік циклдің және т. б. өзгеруі туралы жазбаша хабарлауға міндетті.
- 7.5. Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының тәуекел дәрежесін арттыруға әкелетін іс-әрекеттерді алдын ала қабылдауға құқығы жоқ.
- 7.6. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы өзіне белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.

- 7.7. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе ұлғайған тәуекелге тең қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
- 7.8. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушының шеккен шығыстарын және сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру мерзіміне бара-бар уақытқа қайтарады.
